

Мектептегі

Республикалық ғылыми-әдістемелік,
педагогикалық журнал

КІТАПХАНАШЫ

Библиотекарь в школе

№9, 2018



«Духовное согласие – путь к единству народа»
КГУ «ЦБС г.Караганды»

Республикалық ғылыми-әдістемелік,
педагогикалық журнал

Қыркүйек

№9(39)
2018

Сентябрь

Республиканский научно-методический,
педагогический журнал

Меншік иесі:
«АРНА LTD» ЖК

ҚР Байланыс және ақпарат
агенттігінің №14374-Ж
куәлігі 05.06.2014 ж.
берілген.

Бас редакторы
Ә. Құрманқызы

Редакцияның мекен-жайы:
050056, Алматы қаласы,
Герцен көшесі, 215/2
Тел.: +7 727 3897094;
+7 702 2447448

Хаттарға арналған мекен-жай:
050005, Алматы қаласы,
Прокофьев көшесі, 148,
а/ж - 4

Эл. пошта:
mek-kitaphana@mail.ru

Басуға 27.09.2018 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым.
Таралымы – 3000
Индексі – 74793

Журнал «Канев Е.К.» ЖК
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы,
Бурундай көшесі, 107.

«Мектептегі кітапханашы – Библио-
текарь в школе» журналында жария-
ланған материалдар редакцияның
пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәлі-
меттердің дұрыстығына авторлар
жауапты. Қолжазбалар мен фото-
суреттер рецензияланбайды және
қайтарылмайды. Журналға шыққан
материалдарды редакцияның келісімін-
сіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы в журнале
«Мектептегі кітапханашы – Библио-
текарь в школе» не отражают точку
зрения редакции. Ответственность за
достоверность фактов и сведений в
публикациях несут авторы. Рукописи
и фотоснимки не рецензируются и не
возвращаются. Перепечатка материа-
лов, опубликованных в журнале допус-
каются только с согласия редакции.

Мектептегі кітапханашы Библиотекарь в школе

Журнал 2015 жылдан бастап екі айда бір рет қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Издаётся с 2015 года. Выходит 1 раз в 2 месяца на казахском и русском языках

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Кітапхана ісі	Байдуанова Л. Кітапхана дизайны – кітапханашының табысты қызмет етуінің құрамдас бөлігі.....	2
Әдеби-сазды кеш	Жаныбекова Г. Мұқағали Мақатаев – поэзияның патшасы.....	5
	Абенова С., Нурмолдина А. Оралхан деп ән салады шағылдар.....	7
Тәрбие сағаты	Сыдықова А. Кітап – жан азығы.....	9
	Нұғманова Ә. Табиғатты аялайық!.....	12
	Еспембетова С. Ана махаббатымен әлем тербелген.....	15
Кітапханаға саяхат	Сариева Ж. Білім кілті – кітапхана.....	17
Таным сағаты	Жанарбек К. Ақшаның өмірдегі маңызы.....	19
Мерекелік іс-шара	Баймолдаева Ә. Кітап – тарих, шежіре!.....	20
	Махамбетова Ж. Біз – Женіс мұрагерлеріміз!.....	22
Из жизни библиотеки	Рыщанова У. Астана – жемчужина Евразии.....	25
	Жумадильдинова С., Шаймерденова Д. Духовное согласие – путь к единству народа.....	28
Библиотерапия	Алпысбаева М. Библиотерапия в библиотеке.....	29
Эссе	Жұмабаева А. Мамандығым – мақтанышым.....	35
	Шетей К. Менің сүйікті кітабым.....	36

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР МЕН АВТОРЛАР!

Журналға ұсынылған материалдар компьютерде 12 өлшемді
Times New Roman шрифтісімен терілуі тиіс. Материалдың
көлөмі 4-5 бет шамасында болуы керек. Мәтінге қоса жеке,
саласы жақсы фотосурет (10x15см) жіберуіңізге болады.
Басқа да суреттер, сызбалар, штрихтар өте анық жазылуы
керек. Жіберілген материал соңында автор туралы нақты
және толық мәлімет болуы қажет! Мақаланы көрсетілген
мекен-жайға электрондық поштамен жіберуіңізге болады.

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ И АВТОРЫ!

Предоставляемые материалы должны быть отпеча-
таны шрифтом Times New Roman (12 кегль). Объем
не более 4-5 страниц. Вместе с материалом можете
выслать фотографию (10x15 см) хорошего качества.
Рисунки, чертежи и штрихи должны быть четкими. В
конце должны быть точные полные данные автора
статьи. Материалы отправляйте электронной поч-
той.

050010, г. Алматы, ул. Жамбыл, 25

Кітапхана дизайны — кітапханашының табысты қызмет етуінің құрамдас бөлігі

БАЙДУАНОВА Л.А.,

ҚР Білім және ғылым министрлігінің
Республикалық ғылыми-педагогикалық
кітапханасының әдебиеттерді ғылыми өңдеу
бөлімшесінің меңгерушісі.

Қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі — мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасының ауқымы кішкене болғанымен, оның атқарар қызметі зор. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жаздырып, әрі білімдерін толықтыра отырып, шығармашылық жұмыстармен де шұғылданады. Мектеп кітапханасы мектептегі білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың сүйікті орны. Мектеп кітапханасы — бұл мектептің мәдени орталығы.

Мектеп кітапханасының кеңістігін ұйымдастыру тәсілдері

Баршаға мәлім, бүгінде мектеп кітапханалары жүйесі физикалық және моральдық тұрғыда ескірген. Қазіргі заман талабына қарай бұл жүйелер қызметін жаңартудың уақыты келді. Бұдан жарты ғасыр бұрын дүниежүзі кітапхананы тыныш, жайлы, кітап сөрелері мен каталог жәшіктері орналасқан және оқырмандар залында кітапқа үнілген оқырмандарға толы ғимарат есебінде көрсетті.

Қазіргі таңда кітапханалардағы ақпараттардың маңыздылығы мен әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай, мектеп кітапханасының сыртқы келбетін өзгерту. Кітапхана дизайны — көркем дизайн. Оның мақсаты — кітапхананың сыртқы келбетін, оның жалпы ішкі көрінісін және жеке элементтерін мәдени және ақпараттық жүйеде безендіру. Мектеп кітапханасының дизайны оқу процесінің барлық қатысушыларына, оның ішінде ата-аналарға, мектеп әкімшілігіне, пән мұғалімдеріне және техникалық қызметкерлеріне тікелей қатысы бар.

Мақалада заман талабына сәйкес мектеп кітапханасын көркемдеудің бірнеше үлгісі берілген. Олар: кітапхана — оқу сыныбы, кітапхана — қонақ бөлме, кітапхана — ас үй, кітапхана — ойын бөлмесі, кітапхана — мұражай.

Мектеп кітапханасы — оқу сыныбы

Мектеп кітапханасы ең алдымен оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттыру орталығы, бұл жерге көзді ауыртпайтын және іш пыстырмайтын, әдемі стандартты жихаз орналастырылады. Мектеп кітапханасы дәстүрлі білім беру бағдарламасына сүйене отырып, жаңашылдық әдістермен оқырмандардың кітапхана және кітапқа деген сүйіспеншілігіне қол жеткізуге көмектеседі, оқу процесі үшін ыңғайлы базаға айналады. Кітапхана — оқу сыныбын қалыптастыруға, оқырмандарды оқуға және ізденуге, зерттеуге жол ашады, зерделуге үйренуге қызығушылық тудырады, білім берудің нәтижелі жұмысын ұйымдастырады, оқырмандар сапасын жақсартады.

Мектеп кітапханасы — қонақ бөлме

Оқырмандарға бір жерде отырып оқып, талқылау үшін отыратын жұмсақ үстелдерді орналастыра білу керек. Кітапхана қонақбөлмесін жаңа талапқа сай безендіре білу қажет. Яғни, әр оқушыға бұл бөлмеге кіргенде өзін еркін сезініп, өз қалауы бойынша кітаптарды қарап, қалаған жерінде кітап оқып, немесе қалаған уақытында еркін жобаға сәйкес демалуын қамтамасыз еткен жөн.

Мектеп кітапханасы — ас үй

Кітапхананың шағын бір аумағынан ас үй ашуға болады. Ол жерде даярлау технологиясы, функционализм, жұмыс түрлері біріктіріледі. Оқырмандар үзіліс кездерінде немесе мектептен кейін кофе немесе шәй іше отырып баспа басылымдары жайлы достарымен ой бөліседі, талқылайды, пікір алмасады, сондай-ақ электрондық пошталарын тексереді, әлеуметтік желілерде сөйлесе алады.

Мектеп кітапханасы — ойын бөлмесі

Бұл жерде балалар өзінің достарымен кездеседі. Қордағы кітаптан басқа онда кез келген ойын ұсынылады. Кітапханашы балалармен әңгіме, сахналық ойындар, шығармашылық конкурстар, мерекелер мен демалыс күндерін өткізе алады. Барлық іс-шаралар балаларға үйренуге, ойлануға,

өз қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді, кітапты сүйіспеншілікпен оқуға көмектеседі. Кітапханаға кіргендегі көрініс, безендіру, тіптен оқи алмайтын балаға да өте әсерлі болуы керек, сонда ғана бала бұл бөлмеге келе бергісі келіп тұрады.

Мектеп кітапханасы – мұражай

Кітапхана – мұражайда оқушылар мұражайлық құндылықтарды және құжаттарды, музейлік экспонаттарды пайдаланады, құнды материалдармен жұмыс жасайды және оларды кітапханада уақытша сақтайды. Кітапхана – мұражайдың ең ұтымды жағы – ұтқырлық, ол дәстүрлі мәдениеттің жалпыға ортақ құндылықтарын сақтауға, оқып-үйренуге ықпалын тигізеді.

Осы үлгілерді өз кітапханаңызда қолданам десеңіз, бос кеңістікті әрлеп, өз қалауыңыз бойынша көркемдеп, жандандырып, түрлендіруге болады.

Мектеп кітапханасын безендіру түрлері

Кез келген оқушы, мұғалім, тіпті ата-ананың өзі ғылым, техника, өнер және басқа да салалар бойынша қажетті ақпаратты мектеп кітапханасынан табады. Кітапханадағы барлық нәрсе оқырман үшін «жұмыс істейді». Мектеп кітапханасы ең алдымен өз оқырмандарына кітапханалық қызметтердің толық жиынтығын ұсынады.

Мектеп кітапханасы оқу процесін қажетті құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Мектеп кітапханасының жалпы дизайнын ескере отырып, сол стиль бойынша стендтер безендірілуі керек. Оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін мәтіндер, басылымдар, кештердің атаулары, жарнама және хабарландыруларға көбірек көңіл бөлінуі керек. Жарнама қысқа, айқын, көркем әрі сәнді болса, оқырмандарды да соғұрлым жақынырақ баулуға болады. Соңғы жаңалықтар туралы ақпарат алу үшін ұялы стендтер, үнпарақтар қағазын орналастыру қажет.

Мектеп кітапханасының жарнамасы балаларға ғана емес, ата-аналарға да қызығушылық танытуы керек. Айдың айшықты оқиғалары, маңызды күндері, соңғы жаңалықтар туралы ақпаратты мобильдік стендтерде, флайерлерде және жарнамалық стендтерде орналастыру қажет.

Ақпараттық стендтер

Бір жерде қозғалыссыз тұрған үлкен құрылым «стационарлық стенд» деп аталады. Оны кітапха-

наның кіреберісіне жақын ең көрнекті жерге орналастыру керек. Мектеп кітапханасының атауын, оның жұмыс режимін, кітапхананы пайдалану ережелерін, қысқаша тарихи анықтамасын және басқа маңызды ақпараттарды қамтуы қажет. Әдетте, мектеп кітапханасы, ең алдымен, оқырмандардың назарын көрнекті орынға тарту үшін оқырмандардың марапаттарын орналастырса да болады. Мұндай бұрыш кітапхананы әдемі безендірілуімен ерекшеленеді.

Флайер

Бұл сөз ағылшын тілінен аударғанда – флайер немесе ұшқыш. Флайер жарнамасы бар шағын паракшаны көрсетеді. Мысалы, тақырыптық кешке, іс-шара өтуге арналған флайер көбінесе тіктөртбұрышты пішінге ие, мөлшері қағаздың стандартты парағының үштен бір бөлігіндей паракша.

Плакаттар, постерлер

Мектеп кітапханасында алдағы іс-шаралар туралы оқырмандарды хабардар ететін плакаттар, хабарландырулар, сценарийлер және басқа плакаттар үшін орын қарастыру қажет. Тұсаукесер кезінде сіз балалардың назарын аудару үшін көңілді суреттерді пайдалана аласыз. Осындай плакаттардың көмегімен оқырмандар өздері қатысатын іс-шара туралы мүмкіндігінше пайдалы және қызықты ақпараттарды алдын-ала біле алады.

Пост-релиз

Post release – бұл іс-шарадан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттық материал. Ол мақала немесе фоторепортаж түрінде жасалуы мүмкін және қысқаша, егжей-тегжейлі түсініктеме береді. Іс-шара аяқталғаннан кейін мүмкіндігінше тезірек бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлама жіберу қажет.

Ұялы стендтер

Ұялы стендтер оқырмандарды жаңа табыс немесе қызмет туралы ақпараттандыруға арналады. Мұндай стендтер көрермендерге ұзақ уақыт бойы есте сақталатын шығармашылық атмосфераны жасау үшін әдемі түрде безендірілуі керек. Олар әртүрлі жұмыстар туралы ақпаратты ғана емес, сондай-ақ көрнекі материалдарды, кітаптарды және келушілерді бей-жай қалдыра алмайтын басқа да қызықты материалдарды қамтуы болады.

Тамарезки

Мектеп кітапханасын жобалау кезінде мектеп оқушыларының кіші оқырмандар бұрышына да назар аудару қажет. Мектеп кітапханасында балалар сүйікті ертегі кейіпкерлерімен қауышып, бұл жерге қайта оралғысы келіп тұрады. Тамарезканың бетінде контурға арналған тесік кесіледі. Балалар әртүрлі кейіпкерлер рөлінде суретке түсуді жақсы көреді. Тамарезка қоғамдық іс-шаралар, мерекелік шаралар, концерттер, жарнамалық акцияларға, демалыс күндеріне арналады. Әрине, балалар өздерінің сүйікті ертегі кейіпкерлері бар екендігін бағалайды және сөзсіз осында қайта оралғысы келеді.

Жарнамалық ақпаратқа қосымша кітапханадағы көрнекілік-көркемдік жұмыстар мен сәндік-қолданбалы шығармашылық элементтерін қамтуға болады. Мектеп кітапханасының дизайнында барлық стендтердің жасалатын жеке стилі болуы өте маңызды. Мақсатына қарай, олар қосымша жарықтандыру, белгілі бір түстердің ауқымы мен стилі болуы мүмкін. Бірақ, барлық материалды ең қолайлы жарықта көрсететін етіп жалпы үйлесімділік туралы ұмытпаған жөн.

Қазіргі мектептегі кітапхананың дизайны тек үлкен іс-шара ғана емес, жас ұрпақ үшін де үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Баланың жалғыз теледидар немесе компьютер алдында отыруына қарағанда оқу залында бірнеше сағат жұмсауы әлдеқайда пайдалы болып табылады.

Мектеп кітапханасы заманауи оқу үрдісінің үш негізгі компоненті, яғни, ақпарат алу, тікелей байланыс жасау және мәдениет қиылысатын орын. Осыған байланысты кітапхана компьютермен, принтермен, сканермен, көшіру машинасымен жабдықталуы керек. Ашық оқиғалар мен презентацияларды өткізген кезде, алмастырылмайтын көмекші мультимедиялық проектор болғаны жөн.


Кез келген мектеп кітапханасының мақсаты — оқырманға ақпараттық қолдау көрсету, оны дамы-

ту және оқыту. Мектеп кітапханасының жұмысы бүгінгі күннің талаптарына сай болуы қажет. Компьютерлік технологиялардың қажеттілігі мен дамуы оқырмандарды кітапханаға тартудың тиімді әдісі болып табылады.

Қазіргі ақпарат пен білімнен құралған заманда оқушының жетіліп, дамуына, қалыптасуына кітапхананың маңызы өте зор. Сонымен қатар, балаларды оқуға деген көзқарасын қалыптастыру үшін жүйелі және мақсатты түрде жұмыс жасайды. Мектеп кітапханашыларының алдында тұрған міндет — оқырмандарына алуан түрлі ақпараттар ағымында жөн сілтеп, пайдалыларын өз игіліктеріне жұмсауға үйрету, ақпараттық қоғам тіршілігіне әзірлеу.

Интернет торабынан алынған ақпараттар:

1. <https://nao.kz/files/blogs/1488275309228.pdf>. Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп кітапханалары ресурстарын дамыту.
2. <http://www.bibliomir.com/demo1.pdf>. Деятельностный подход организации пространства, или дизайн школьной библиотеки.
3. <http://pedrazvitie.ru/servisy/publik/publ?id=5919>. Дизайн библиотеки, как одна из составляющих успешной деятельности библиотекаря в современных условиях.
4. <http://fb.ru/article/133561/kakim-doljno-byit-oformlenie-shkolnoy-biblioteki>. Каким должно быть оформление школьной библиотеки.
5. http://ulyanovbib.blogspot.ru/2015/06/blog-post_15.html Музей в библиотеке: теоретический аспект.
6. <http://collegu.ucoz.ru/publ/96-1-0-10612>. Привлечение к чтению в невлекательной библиотеке.
7. <https://newtonew.com/school/modern-school-library>. Современная школьная библиотека: «+100» к шансу на успех.
8. <http://libinform.ru/read/foreign-experience/SHkolnaya-biblioteka-XXI-veka-5-idej-1/> Школьная библиотека XXI века 5 идей.
9. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәліметтер.



Кітап — өмір ұстазы. Сондықтан, жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.

С. Қоджаұлыұов